



201__жылғы _____

Астана, Үкімет Үйі

«___» _____ 201__годе

№ _____

№ _____

№ _____ данасы

экз. № _____

31.07.2019-ғы № 20-9/1740 дз шығыс хаты
31.07.2019-ғы № 2248//20-9/1740дз кіріс хаты

Қазақстан Республикасы
Парламенті Сенатының
депутаты
С.Қ. Еңсегеновке

2019 жылғы 5 шілдедегі
№ 15-13-220 д/з

Құрметті Сәрсенбай Құрманұлы!

Сіздің алкоголь өнімдерін сатуға шектеулер енгізуге және алкоголь өнімін мемлекеттік реттеу кезінде реттеушілік әсерді талдаудың міндетті рәсімін жүргізуді алып тастауға қатысты депутаттық сауалыңызды қарап, мынаны хабарлаймын.

Үкімет халық арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру және азаматтардың өмір сүруіне қолайлы жағдайлар жасау, елдің тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз етуге ықпал ететін олардың денсаулығын нығайтуға бағытталған саясатты ұстанады.

Дүниежүзілік денсаулық ұйымының статистикалық мәліметтері бойынша (15 және одан жоғары жастағы галамиар ауқымында жан басына шаққанда таза этанол литріндегі алкогольді тұтыну деңгейі бойынша) Қазақстанда алкогольді тұтыну деңгейінің 2010 жылғы 9,3 литрден (34-орын) 2016 жылы 7,7 литрге дейін (73-орын) төмендеуі байқалады.

Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметтеріне сәйкес соңғы бес жылда маскүнемдікпен ауыру 57,5 %-ға 2014 жылы 36307-ден 2018 жылы 15421-ге дейін азайған.

Халықтың мінез – құлықтық қауіп факторларының алдын алу (темекі және темекі емес өнімдері мен алкогольді пайдаланудан бас тарту) мәселелері бойынша халықтың ақпараттандырылуын арттыру Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016 – 2019 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасының негізгі міндеттерінің бірі болып табылады.

2018 жылы жалпы білім беру мекемелерінде, жоғары оқу орындарында, жұмыс ұжымдарында, медициналық-санитарлық алғашқы көмек көрсету

ұйымдарында алкогольді тұтынудың алдын алу бойынша жалпы саны 700 мыңнан астам адамды қамтитын 42 мыңнан астам іс-шара өткізілді.

Республикалық және өңірлік маңызы бар бұқаралық ақпарат құралдарында 400 мыңнан астам іс-шара ұйымдастырылды.

Ішкі істер министрлігі қоғамдық орындарда алкоголь ішу, алкогольді заңсыз бөлшек саудада сату, мас күйінде көлік жүргізу фактілерін болдырмайды, сондай-ақ мас күйіндегі адамдарды айықтыру үшін арнайы денсаулық сақтау ұйымдарына оқшаулайды.

Тек ағымдағы жылдың басынан бері қоғамдық орындарда алкоголь ішкені үшін Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің (бұдан әрі – Әкімшілік кодексі) 440-бабы бойынша 75 мыңнан астам адам әкімшілік жауапкершілікке тартылды, оның 4,4 мыңнан астамы уақытша бейімдеу және уытсыздандыру орталықтарына орналастырылды.

Алкогольдік өнімдерді сату бойынша жас және уақытша шектеулерді бұзудың 1,3 мыңнан астам фактісі анықталды.

Сондай-ақ, Қаржы министрлігі тұрақты негізде заңсыз алкоголь өнімін анықтау және жолын кесу бойынша жұмыс жүргізіп жатқанын атап өткен жөн, осылайша 2018 жылы 2 849 құқық бұзушылық фактілері анықталып, айналымнан 5 963 мың литр алкоголь өнімі, 312,2 мың литр этил спирті және 23 097,9 мың қорап темекі бұйымдары тәркіленді, сондай-ақ заңсыз алкоголь өнімін дайындайтын жасырын 23 цех анықталды.

Қазіргі уақытта Денсаулық сақтау министрлігі әзірлеген «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне денсаулық сақтау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жобаларының шеңберінде мынадай мәселелер пысықталуда:

- кәмелетке толмағандардың мамандандырылмаған сауда орындарында алкоголь өнімдерін бөлшек саудада сатуға және алкогольді ішімдіктерді пайдалануына тыйым салуды енгізу;

- кәмелетке толмағандардың алкогольді пайдаланғаны үшін ата-аналарының немесе кәмелетке толмағандардың заңды өкілдерінің әкімшілік жауапкершіліктерін енгізу;

- Әкімшілік кодексіне мейрамханаларда, барларда және дәмханаларда алкоголь өнімдерін 23-00-ден келесі күні сағат 8-00-ге дейін, этил спиртінің көлемдік үлесі отыз пайыздан асатын алкоголь өнімін 21-00-ден келесі күні сағат 12-00-ге дейін олардың аумағынан тыс алып шығып бөлшек саудада сатқаны үшін жауапкершілікке тарту бөлігінде нормалар енгізу .

Оқу орындарынан 100 метр радиуста алкоголь ішімдіктерін сатуға тыйым салуды енгізуге қатысты

Білім беру мекемелерінен 100 метр радиуста алкоголь өнімдерін сатуға тыйым салу «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын мемлекеттік реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 18 маусымдағы

Қазақстан Республикасының Заңымен балаларды алкогольді өнімнен қорғау жөніндегі мемлекеттік реттеудің мақсаттарына қол жеткізбеуге және талаптардың бірдей еместігіне байланысты күшін жойғанын атап өткен жөн.

Бүгінгі таңда елді мекендерде балабақшалардың, білім беру объектілерінің, мектепке дейінгі курстардың, шағын орталықтардың белсенді құрылысы байқалады, нәтижесінде жеке кәсіпкерлік субъектілерінің көпшілігі тыйым салынған 100 метрлік аймақта болуы мүмкін, бұл сөзсіз бизнес субъектілеріне уақытша және қаржылық қосымша шығындарға әкеп соғады.

Еуразиялық экономикалық одақтың шеңберіндегі кедергілерге қатысты

Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 28-бабының 2-тармағында ішкі нарық экономикалық кеңістікті қамтып, онда ЕАЭО туралы шарттың ережелеріне сәйкес тауарлардың, тұлғалардың, көрсетілетін қызметтер мен капиталдың еркін қозғалысы қамтамасыз етіледі деп белгіленген.

Алайда қазіргі таңда, Еуразиялық экономикалық одақтың барлық мемлекеттерінде алкоголь өнімдерінің өзара саудасында кедергілер мен шектеу шаралары бар, осыған байланысты Қазақстан Республикасында 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап импорттық алкоголь өніміне қатысты қамтамасыздырылған төлем енгізілген болатын.

Алкогольді өнімдерді мемлекеттік реттеу кезінде реттеушілік әсерді талдауға қатысты

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінде бизнес субъектілерінің қызметіне шамадан тыс жүктемемен және негізсіз араласумен байланысты мемлекеттік органдар тарапынан реттеушілік әсердің жаңа шараларынан тосқауыл қоюды қамтамасыз ететін және болжамдалған жүктеменің әсер ету дәрежесін анықтауға мүмкіндік беретін реттеушілік әсерді талдау институты көзделген.

Бұдан басқа, Мемлекет Басшысы 2019 жылы 24 мамырда Ұлттық инвесторлар кеңесінің отырысында өз сөзінде қолайлы іскери ортаны қамтамасыз ету, кәсіпкерлікті тиімді қолдау, бәсекелестікті дамыту және қорғау бойынша міндеттерді айқындады.

Осылайша, жоғарыда көрсетілген тапсырмаларды жүзеге асырудың бір құралы бизнесті реттеуді қатаңдату орындылығын объективті бағалау немесе оның болмауын қамтамасыз ететін реттеушілік әсерді талдаудың рәсімі болып табылады.

Баяндалғанның негізінде, алкоголь өнімін мемлекеттік реттеу кезінде реттеушілік әсерді талдаудың міндетті рәсімін алып тастау туралы ұсыныс қолдау таппайды.

А. Мамин